



«Kaspi Bank» АҚ-тың мобильді қосымшасының дербес деректерін өңдеу және құпиялылық саясаты

«Kaspi Bank» АҚ-тың мобильді қосымшасының дербес деректерін өңдеу және құпиялылық саясаты (бұдан әрі – Саясат) Мобильді қосымшаның пайдаланушыларының дербес деректерін өңдеу тәртібін, талаптарын айқындайды және Пайдаланушылардың дербес деректерінің қауіпсіздігін Kaspi-дің қамтамасыз етуі бойынша талаптарды белгілейді.

Саясат дербес деректерді өңдеу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленіп, іске асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 4) «Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысы.

Саясатта пайдаланылатын барлық терминдер мен анықтамалар Kaspi-дің www.kaspi.kz сайтында орналастырылған талаптарға сәйкес түсініледі және түсіндіріледі.

Саясатта қолданылатын барлық қалған терминдер мен анықтамалардың мынадай мағынасы бар:

- 1) Kaspi – «Kaspi Bank» АҚ. Мекенжайы: Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154А;
- 2) Мобильді қосымша – Мобильді қосымша орнатылатын және интернетке қолжетімділігі бар ұялы телефон және өзге құрылғы арқылы электрондық банктік қызметті алуға арналған бағдарламалық қамсыздандыру;
- 3) Пайдаланушы – Мобильді қосымшаны пайдаланатын жеке тұлға;
- 4) Дербес деректер – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізіште тіркелген сол мәліметтер.

Саясат барлық Мобильді қосымшаға кірушілерге қолданылады және Мобильді қосымшаны жүктеген, тіркеген және пайдаланған уақытта Пайдаланушылар берген Дербес деректерге қатысты қолданылады.

Пайдаланушы Мобильді қосымшаны пайдалануға бағытталған барлық әрекеттерді (жүктеу, орнату, тіркеу, пайдалану) жасай отырып, Саясаттың барлық талаптарын толық көлемде қабылдайды және берілетін деректерді Саясатта сипатталған тәсілмен және мақсатта өңдеуге келісімін өз еркімен білдіреді. Егер Пайдаланушы Саясатпен келіспесе, ол Мобильді қосымшаны жүктеуден бас тартуға міндетті. Мобильді қосымша Пайдаланушыларға қашықтан қызмет көрсету сервистеріне қолжетімділік беретін, Мобильді қосымша орнатылатын және интернетке қолжетімділігі бар ұялы телефон немесе өзге құрылғы арқылы Клиенттің Жеке кабинетте операцияларды жүргізуіне арналған бағдарламалық қамсыздандыру болып табылады.

Kaspi өзгерістерді немесе толықтыруларды жариялап немесе Kaspi-дің www.kaspi.kz сайтында жаңа редакцияда жариялап, Саясатқа өзгерістерді немесе толықтыруларды біржақты тәртіппен енгізуге құқылы.

Мобильді қосымша және оның мазмұны 16 жасқа толмаған тұлғаларға (Kaspi-мен жасалған шарттарда көзделген жағдайларда қосымша төлем карточкаларын ұстаушыларды қоспағанда) арналмаған. Осыған қарамастан Kaspi-дің Мобильді қосымшаға кіретін және пайдаланатын тұлғалардың жасын анықтау тәсілдері жоқ. Егер 16 жасқа толмаған тұлға Kaspi-ге жеке ақпаратты ата-анасының немесе қорғаншыларының келісімінсіз берсе, ата-анасы немесе қорғаншы Kaspi-ге 8-727-258-59-55 (Алматы үшін) және 8-800-080-18-00 (бүкіл Қазақстан) телефон нөмірлері арқылы хабарласуға тиіс.

1. Пайдаланушының Дербес деректерін жинау және/немесе өңдеу

Мобильді қосымша арқылы электрондық қызмет көрсету қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Kaspi Пайдаланушылардың Дербес деректерін:

- Kaspi-мен шарттар жасасу;
- шарттардың аясында Пайдаланушыны сәйкестендіру;
- Мобильді қосымшаның сервистеріне қолжетімділік арқылы Пайдаланушыға дербестендірілген қызмет көрсету;
- Пайдаланушымен байланысу, соның ішінде Kaspi өнімдерін пайдалануға, қызмет көрсетуге, сондай-ақ Пайдаланушының сұратуларын өңдеуге қатысты хабарламаларды, ұсыныстарды және ақпаратты жолдау;
- деректерді талдау, аудит жүргізу, жаңа өнімдерді әзірлеу, Мобильді қосымшаның жұмысын жақсарту, Kaspi-дің қызметтерін кеңейту;
- жарнамалық сәйкестендіргіштерді жинау және пайдалану мақсатында жинайды.

Пайдаланушының Дербес деректері Kaspi үшін маңызды және Kaspi Пайдаланушыдан алған Дербес деректерді

қамтамасыз ету үшін Kaspi-дің қызмет көрсетуіне және Пайдаланушының тіркелу жазбасын қорғауға қажетті көлемде ғана шара қолданды.

Мобильді қосымшаны пайдаланған кезде Kaspi мына Дербес деректерді қоса алғанда, бірақ шектелмей: Пайдаланушының ЖСН, Пайдаланушының Т.А.Ә., ұялы телефон нөмірін, туғаны күнін және/немесе жылын, электрондық поштасының мекенжайын, IP мекенжайын, сол арқылы кіретін мобильді құрылғы туралы мәліметтерді, Мобильді қосымшаға кірген күні мен уақыты, операциялық жүйесінің нұсқасы, құрылғының бірегей сәйкестендіргіштері, орналасқан жерінің геолокациясын, GPS деректерін, банктік деректемелерін, жүргізілген операциялардың уақыты мен сомасы туралы деректерді, ақы төлеу тәсілін, қызмет алушы және/немесе жеткізуші туралы деректерді, операциялардың жүргізу себебінің сипаттамасын (бар болса) қоса алғанда, жүргізілген операциялар туралы ақпаратты және басқасын жинап, өңдейді.

Пайдаланушы келісім бергеннен кейін Мобильді қосымша геолокацияға (орналасқан жерін анықтауға), телефон кітапшасындағы байланысатын тұлғаларға, фотосуреттер галереясына, Пайдаланушының мобильді құрылғысының камерасына қолжетімділік, сондай-ақ Android жүйесінің Пайдаланушылары үшін Kaspi жіберген SMS-хабарламадан растау кодын автоматты түрде енгізуге SMS-хабарламаларға қолжетімділік алады.

2. Пайдаланушылардың Дербес деректерін үшінші тұлғаларға беру

Пайдаланушы Мобильді қосымшаны пайдаланып алынған Пайдаланушының Дербес деректерін, соның ішінде операциялар бойынша деректерін Kaspi жария етпейтінімен және үшінші тұлғаларға бермейтінімен келіседі, алайда:

- 1) Пайдаланушы (оның ата-анасы немесе қамқоршысы) мұндай әрекеттерге өз келісімін анық білдіргенде;
- 2) беру Пайдаланушымен (оның ата-анасымен немесе қамқоршысымен) жасалған шартты орындау үшін қажет болғанда;
- 3) беру қолданыстағы заңнамада көзделгенде;
- 4) беру Kaspi-дің заңды міндетінің сақталуы үшін қажет болған жағдайда, Kaspi Дербес деректерді, соның ішінде операциялар бойынша деректерді жария етуі немесе беруі мүмкін.

Kaspi үшінші тұлғалардың Дербес деректерін берген кезде, Пайдаланушы тиісті қызметті көрсету үшін олардың Kaspi-ге және үшінші тұлғаларға Дербес деректерін беруге келісімін алғанын растайды. Пайдаланушы үшінші тұлғалардың алдында Мобильді қосымшаны пайдалануға байланысты өз әрекеттері үшін, соның ішінде Мобильді қосымшаға енгізілген деректердің дұрыс болуы және енгізілген деректердің үшінші тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес болуы үшін өз бетінше жауапкершілік атқарады.

3. Ақпараттың құпиялылығын сақтау үшін пайдаланылатын қауіпсіздік шаралары

Kaspi-дің заманауи технологиялары мен ішкі рәсімдері бар және Сіздің Дербес деректеріңізді бөтендердің араласуынан, ақпаратқа қол жеткізуге рұқсатсыз әрекет жасаудан, өзгертуден қорғауға, электрондық құжаттардың мазмұнындағы бұрмаланудың және/немесе өзгерістердің бар екенін анықтауға, ашуға немесе жоюға бағытталған барлық әрекеттерді жасайды.

Мобильді қосымша TLS v1.2 криптографикалық хаттамасын пайдаланып, HTTPS қорғалған хаттамасы арқылы интернет желісінде клиент пен Kaspi-дің арасында берілетін деректердің қорғалуын қамтамасыз етеді. Пайдаланушылардың парольдері Kaspi жүйесінде көрсетілмейді, сақталып, шифрланған түрде ғана беріледі. Алайда қауіпсіздік Kaspi-дің www.kaspi.kz сайтында танысуға болатын ұсыныстарды Пайдаланушының сақтауына да байланысты.

Пайдаланушы телефонды (онда орнатылған және одан Пайдаланушы тіркелген) (соның ішінде SIM-картаны) үшінші тұлғаларға пайдалануға бермеуге, логин мен пароль сияқты өзінің тіркелу жазбасының деректерін жария етпеуге, бермеуге және оларды терген кезде үшінші тұлғалардан жасыруға міндетті. Барынша қорғалуын қамтамасыз ету үшін вирусқа қарсы бағдарламаларды пайдалану және уақтылы жаңартып отыру ұсынылады. Пайдаланушы өзінің тіркелу жазбасының рұқсатсыз пайдалануынан қауіптенген кез келген жағдай туралы Kaspi-ге дереу хабарлауға міндеттенеді. Пайдаланушының ұсыныстарды сақтауы Kaspi берген ақпараттың, соның ішінде Пайдаланушының банктік өнімдерінің деректемелерінің және басқа деректерінің барынша сақталуын Kaspi-дің қамтамасыз етуіне жағдай туғызады, сондай-ақ тауарлар мен қызмет ақысын қолма-қол ақшасыз, соның ішінде интернет арқылы төлеген кезде банктік картаның (немесе өзге электрондық төлем құралының) деректемелерін пайдаланып, операцияларды жүргізген кездегі ықтимал тәуекелдерді азайтады.

Мобильді қосымшаға, соның ішінде іске асырылатын және жасақталатын қоса жүретін сервистерге барлық құқықтар «Kaspi Bank» АҚ-қа тиесілі.

Пайдаланушы Саясатқа қатысты өзге сұрақтар бойынша 8-727-258-59-55 (Алматы үшін) және 8- 800-080-18-00 (бүкіл Қазақстан) телефон нөмірлері бойынша хабарласа алады.

* * *